

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫ

Ерали О.Н.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

omarerali6@gmail.com

Астана қ.

Андатпа

Бұл мақала Тараз қаласының ономастикалық атауларының тарихи-мәдени қалыптасуын ғылыми әдебиеттер негізінде зерттеуге арналған. К.А. Ақышев 1998 еңбегінде келтірілген археологиялық деректерге сүйенсек, Тараз атауы V-VI ғасырларда Ұлы Жібек жолының ірі экономикалық орталығы ретінде қалыптасқан. А. Подушкин мен М. Кравцованың «Археология Тараза» 2006 еңбегінде қала атауының жазба деректердегі формалары - Тараз, Талас, Таразе, Таласа - соғды, түркі және парсы ықпалындағы көпқабатты атаулар жүйесін көрсететіні айтылады. Ал В.В. Бартольд 1963 пен С.П. Толстов 1948 зерттеулерінде Тараздың араб географтары аталған “Язира-Тараз”, “Таразджан” нұсқалары арқылы ортағасырлық ислам мәдениетінің маңызды орталығы болғаны дәлелденеді. XIX ғасырдағы «Әулие-Ата» атауының шығу тегі жөнінде Е. Бекмаханов 1976 еңбегінде Қоқан хандығы кезеңіндегі әкімшілік өзгерістер мен Қарахан мазарына қатысты халықтық аңыздардың ықпалы көрсетіледі. Кеңес дәуіріндегі «Мирзоян» 1936 және «Жамбыл» 1938 атаулары туралы деректер «Қазақ ССР тарихы» мен облыстық ономастикалық комиссия құжаттарында нақты берілген. 1997 жылы тарихи «Тараз» атауының қайтарылуы - тәуелсіз Қазақстанның тарихи жадыны қалпына келтіру бағытындағы маңызды қадам екендігі Т. Тимофеевтің еңбектерінде де аталады. Зерттеуде ономастикалық өзгерістердің тарихи-элеуметтік себептері, тілдік-этимологиялық негіздері және саяси-идеологиялық факторлары жүйелі түрде талданады. Мақала Тараз атауларының көне түркі өркениетінен бастап, Қоқан хандығы, Ресей империясы, Кеңес Одағы және тәуелсіз Қазақстан кезеңдеріндегі эволюциясын кешенді түрде қарастырады. Әрбір атаудың қалыптасу негізі, оның кезеңдік сипаты және мәдени маңызы нақты ғылыми әдебиеттердегі деректерді пайдалану арқылы ашылады.

Аннотация

Данная статья посвящена комплексному исследованию ономастических наименований города Тараз на основе исторических, археологических и лингвистических источников. Ономастическое пространство города отражает многовековую историю региона, где пересекались культурные и политические влияния тюркских, согдийских, арабских, персидских и русских традиций. Используются материалы К.А. Акишева «Көне Тараз», 1998, труды археологов А. Подушкина и М. Кравцовой «Археология Тараза», 2006, исследования востоковеда В.В. Бартольда «Туркестан в эпоху монгольского нашествия», 1963, исторические обобщения С.П. Толстова «Древний Туркестан», 1948, а также сведения из работ Е. Бекмаханова «Казахстан в XIX веке», 1976 и официальные материалы ономастической комиссии Жамбылской области 1997-2010. Историческое название «Тараз» впервые фиксируется в древнетюркских и согдийских письменных источниках VI-VII веков. По данным Акишева, город представлял собой один из крупнейших центров Западного тюркского каганата и играл ключевую роль в торговле на Великом шёлковом пути. В трудах Подушкина указывается, что в китайских хрониках город встречается под формами «Талас» и «Даласи», что связано с различиями в передаче тюркских звуков. В арабских и персидских географических сочинениях IX-XI веков город именуется как «Тараз», «Таразе», «Таразджан» (Бартольд, 1963), что свидетельствует о его включённости в исламский культурный ареал. Переименование в «Әулие-Ата» в XIX веке связано с административной политикой Кокандского ханства и культом Карахана, о чём подробно пишет Бекмаханов 1976. Такое название закрепилось и в дореволюционный период. В 1936 году город был переименован в «Мирзоян» в честь советского партийного деятеля, что являлось частью общесоюзной топонимической политики. После репрессий Мирзояна в 1938 году название изменено на «Джамбул» (позже - «Жамбыл»), что отражало идеологические установки СССР по увековечиванию имён «народных» деятелей культуры. Возвращение исторического названия «Тараз» в 1997 году, согласно данным ономастической комиссии, стало результатом государственной политики по восстановлению национального историко-культурного наследия в годы независимости. Это событие имело символическое значение, поскольку восстановило древнее название, подтверждённое многочисленными письменными источниками и археологическими данными. Настоящее исследование раскрывает ономастическую эволюцию города как отражение политических трансформаций, культурных контактов и исторической памяти. Анализируя различные этапы развития топонима,

статья демонстрирует, что каждое имя города является маркером конкретной исторической эпохи и несёт в себе значимую культурную нагрузку. Такой подход позволяет глубже понять историческую роль Тараза в развитии Центральной Азии.

Abstract

This article provides a comprehensive analysis of the historical and linguistic evolution of the toponymic names of the city of Taraz, based strictly on academic literature and verified historical sources. The study relies on archaeological findings presented in K.A. Akishev's *Köne Taraz* (1998), the systematic excavations described in A. Podushkin and M. Kravtsova's *Archaeology of Taraz* (2006), the classical studies of V.V. Barthold (*Turkestan in the Era of the Mongol Invasion*, 1963), S.P. Tolstov (*Ancient Turkestan*, 1948), as well as nineteenth-century administrative history explored in E. Bekmakhanov's *Kazakhstan in the 19th Century* (1976). Additionally, documents from the Onomastic Commission of Zhambyl Region (1997-2010) were used to reconstruct the political and cultural motivations behind the modern renaming processes. The historically rooted name "Taraz" appears in early Turkic inscriptions and Sogdian records dating back to the 6th-7th centuries. Akishev's research shows that Taraz was a major commercial and cultural center along the Silk Road, noted in Chinese, Arab, and Persian sources. Podushkin's findings highlight the archaeological strata confirming continuous urban development through several significant epochs. Chinese chronicles refer to the city as "Dalasi" or "Talas," reflecting phonetic adaptations of the Turkic name. Medieval Islamic geographers, as summarized by Barthold, consistently mention the city as "Taraz" or "Tarazjan," indicating its integration into the Islamic cultural sphere. In the 19th century, during the administrative rule of the Kokand Khanate, the city was renamed "Aulie-Ata," a name linked to the local religious cult of Karakhan. Bekmakhanov emphasizes that the shift reflected both regional political control and the prominence of sacred sites among the local population. During the Soviet period, the renaming to "Mirzoyan" (1936) corresponds to the USSR's ideological practice of commemorating party officials. Later, after Mirzoyan's repression in 1938, the city acquired the name "Dzhambul," honoring the Kazakh poet Zhambyl Zhabayev. Documents from Soviet administrative bodies show that this renaming was part of broader efforts to create symbolic cohesion through cultural figures. The restoration of the historical name "Taraz" in 1997 marked a significant moment in independent Kazakhstan's national identity reconstruction. According to the Onomastic Commission's reports, the decision symbolized a return to the authentic cultural and historical heritage supported by archaeological and textual evidence. Reinstating the ancient name not only aligned with the country's decolonization policies but also reaffirmed Taraz's civilizational significance in Central Asian history. The article demonstrates that each stage of the city's renaming represents more than a simple linguistic shift; it reflects a distinct historical narrative shaped by political authority, cultural norms, ideological movements, and collective memory. Through interdisciplinary analysis—combining linguistics, archaeology, history, and cultural studies—the research reveals that the toponymic evolution of Taraz serves as a key to understanding broader transformations in regional identity, state formation, and cultural continuity. The article highlights that the city's names—from Taraz to Aulie-Ata, from Mirzoyan to Zhambyl, and ultimately back to Taraz—form a coherent historical sequence that encapsulates the complex multi-layered past of Central Asia.

Кіріспе

Тараз қаласының ономастикалық атауларын зерттеу - Қазақстан тарихы мен тіл білімінің түйісетін ерекше саласы. Қала атаулары тек географиялық белгі емес, қоғамның саяси, мәдени және өркениеттік дамуының айнасы болып табылады. Тараз - Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі, оның тарихы 2000 жылдан аса уақытты қамтиды. Сондықтан қалаға берілген атаулардың әрқайсысы өз дәуірінің мазмұнын, идеологиялық бағытын, этномәдени деңгейін көрсетеді. Бұл мәселенің ғылыми маңыздылығы - ономастикалық атаулар арқылы аймақтың тарихи қабаттарын, этносаралық байланыстарын, мемлекеттілік дәстүрін, мәдени сабақтастығын анықтау.

К.А. Ақышевтің «Көне Тараз» еңбегі Тараздың VI-VIII ғасырларда Батыс Түрік қағанатының маңызды орталығы болғанын археологиялық деректермен дәлелдейді. Қала атауының «Тараз» болып кездесуі осы кезеңдегі түркі этносының қалыптасуымен тығыз байланысты. Подушкин мен Кравцова археологиялық қазбалар арқылы қала алаңдарының құрылымын, тұрғын кварталдарын, бекініс қабырғаларын анықтап, оның үздіксіз даму ордасы болғанын көрсетеді. Бұл деректер Тараз атауының тұрақтылық характерін дәлелдейді. Ортағасырлық араб және парсы жазбаларында Тараз Ислам өркениетімен тығыз байланыста болған қала ретінде көрінеді. Бартольд еңбегінде IX-XI ғғ. деректерде қала «Тараз», «Таразе», «Таразжан» деп аталғаны айтылып, дәл осы кезеңде оның халықаралық беделі артқаны көрсетіледі. Бұл мәліметтер Тараздың өңірлік саяси және экономикалық орталық болғанын дәлелдейді. XIX ғасырда қала атауының «Әулие-Ата» болып өзгеруі Қоқан хандығының әкімшілік саясатымен байланысты. Бекмаханов зерттеулеріне сәйкес, бұл атау Қарахан әулиесіне қатысты діни-мистикалық дәстүрлерден шыққан. Кеңес дәуірінде қала атауларының «Мирзоян», кейін «Джамбул»

болып өзгеруі - кеңестік идеологияның бір бөлігі болды. Бұл кезеңдегі атаулар мемлекеттік саяси идеологияны тасымалдау құралы ретінде қолданылды. 1997 жылы «Тараз» атауының қайтарылуы - тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің көрінісі. Ономастикалық комиссия материалдары бойынша, шешім ғылыми дәлелдерге негізделген және археологиялық, тарихи жазба деректерге толық сәйкес келеді. Кіріспе бөлімде осы атаулардың қалыптасу себептерін, олардың мәндік табиғатын талдай отырып, мақалада Тараз ономастикасының тарихи-мәдени маңызы кешенді түрде зерттелетіні көрсетілді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеу жұмысы Тараз қаласының ономастикалық атауларының тарихи негізін терең ашу мақсатында бірнеше ғылыми әдістерге сүйене отырып жүргізілді. Алдымен тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Бұл тәсіл арқылы Тараз қаласының әр кезеңде алған атаулары - «Тараз», «Талас», «Әулие-Ата», «Мирзоян», «Жамбыл» және қайта қалпына келген «Тараз» хронологиялық ретпен салыстырылып, олардың пайда болу себептері мен әлеуметтік-саяси мазмұны айқындалды. Әр атаудың қолданылу уақыты, сол кезеңнің саяси жағдайы және аймақтық ықпалдар өзара салыстырылып, ономастикалық өзгерістердің тарихи табиғаты анықталды. Этимологиялық талдау әдісі атаулардың шығу тегі мен мағынасына назар аударуға мүмкіндік берді. «Тараз» атауының көне түркі және соғды тілдерімен байланысы, «Талас» атауының қытай деректеріндегі «Даласи» формаларымен үндестігі, «Әулие-Ата» атауының діни-мистикалық мәні және «Жамбыл» атауының идеологиялық себеппен берілуі лингвистикалық тұрғыдан зерттелді. Бұл тәсіл атаулардың семантикалық қырларын ашып, олардың тарихи-мәдени жүктемесін анықтауға көмектесті. Зерттеудің маңызды бөлігі архивтік талдауға арналды. XIX-XX ғасырлардағы Ресей империясы мен Кеңес Одағының әкімшілік құжаттары, облыстық басқармалардың ресми шешімдері, партиялық төрағалар қаулылары қарастырылды. Архив материалдары ономастикалық өзгерістердің саяси сипатын анықтауға және атаулардың ресми түрде бекітілу кезеңдерін нақтылауға мүмкіндік берді. Бұл әсіресе «Мирзоян» және «Жамбыл» атауларына қатысты құжаттармен жұмыс кезінде айқын көрінді. Сонымен қатар зерттеу барысында археологиялық деректер кеңінен пайдаланылды. К.А. Ақышев, А. Подушкин, Т. Тимофеев басқарған Тараз археологиялық экспедицияларының нәтижелері, қалашықтан табылған қыш ыдыстар, тиындар, сәулеттік қалдықтар, бекініс қабырғалары мен су жүйелері қала тарихының ежелгілігін дәлелдейтін маңызды дерек ретінде қарастырылды. Археологиялық материалдар Тараз атауының терең тарихи тамырын нақты көрсетуге мүмкіндік берді.

Талқылау

Тараз қаласының ономастикалық атауларының тарихи қалыптасуын талқылау барысында әр атаудың артында терең саяси, мәдени және өркениеттік мән жатқанын байқауға болады. Қала атауларының өзгеруі жай ғана тілдік құбылыс емес, аймақтың тарихи тағдырымен тікелей байланысты күрделі үрдіс екені анықталды. Әрбір атау белгілі бір кезеңнің идеологиясын, билік құрылымын, діни көзқарасын немесе этникалық жағдайын бейнелейді. Алғашқы «Тараз» атауының VI-VIII ғасырлардағы түркі өркениетінің қалыптасуымен сабақтастығы оның тарихи негізінің терең екенін көрсетеді. К. Ақышев жүргізген археологиялық қазбалар қалада VI ғасырда-ақ урбанистік мәдениеттің орныққанын дәлелдейді, бұл «Тараз» атауының көне дәуірдегі мемлекеттік орталықтарға тән тұрақты топоним болғанын айғақтайды. Тараздың Қытай жылнамаларында «Даласи», араб деректерінде «Таразжан» деп аталып кездесуі оның халықаралық деңгейдегі танымал қала болғанын көрсетеді. Бұл атаулардың фонетикалық түрленуі әр түрлі тілдік жүйелердің жергілікті атауды өзіне бейімдеуінен туған табиғи құбылыс. Қала атауының «Әулие-Ата» болып өзгеруі - өңірдің исламдану үдерісінің нәтижесінде қалыптасқан діни реңкті атау. Бұл атаудың негізінде Қарахан әулие мазарының аймақ халқы үшін рухани қасиетті орынға айналуы жатыр. Дегенмен бұл өзгеріс сондай-ақ Қоқан хандығының әкімшілік-идеологиялық ықпалының күшею кезеңімен де сабақтас. Демек, атаудың пайда болуында діни фактормен қатар саяси фактор да маңызды рөл атқарған. Кеңестік кезеңдегі ономастикалық саясаттың қала атауына айтарлықтай ықпал еткені анық байқалады. 1936 жылы қаланың «Мирзоян» деп өзгертілуі - тұлғаларды мадақтауға бағытталған кеңестік идеологияның айқын көрінісі. Ал 1938 жылы Мирзоян репрессияға ұшырағаннан кейін, оның есімін қалдыру идеологиялық тұрғыдан дұрыс саналмады, сондықтан қала атауы «Джамбул» болып өзгертілді. Бұл өзгеріс сол кезеңдегі ұлттық мәдениеттің ішінара насихатталуына бағытталғанымен, оның түпкі мәні кеңестік идеологияның талаптарына тәуелді болды. Яғни кеңес билігі үшін топонимдер саяси көзқарастарды қалыптастырудың құралы қызметін атқарған. 1997 жылы қаланың тарихи «Тараз» атауының қайта қалпына келтірілуі тәуелсіз Қазақстанның тарихи жадты жаңғырту саясатының нәтижесі болды. Бұл шешім Қазақстанның посткеңестік кеңістіктегі ономастикалық реформаларының жалпы бағытына сай келеді. Жамбыл облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындыларына сүйенсек, тарихи атауға

қайта оралу ғылыми-археологиялық дәлелдерге, тарихи зерттеулерге және халықтың мәдени талабына негізделген. Талқылаудың негізгі нәтижесі - Тараз атауларының әрбір кезеңдегі өзгерісі белгілі бір тарихи үдерістің айнасы ретінде көрінеді. Ономастикалық атаулардың динамикасы тек лингвистикалық факторлардың емес, саяси биліктің, діннің, идеологияның және ұлттық сананың әсерімен қалыптасатын күрделі мәдени-тарихи құбылыс екенін көрсетеді. Сондықтан Тараз қаласының атауларын зерттеу - тек бір қаланың тарихын қарастыру емес, бүкіл аймақтың мыңжылдық тарихи жолын түсіндіру болып табылады.

Нәтиже

Зерттеу барысында Тараз қаласының ономастикалық атауларының тарихи эволюциясы кешенді талданды. Әрбір атау белгілі бір кезеңнің әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайын көрсететін маңызды тарихи дерек болып табылады. Нәтижесінде бірнеше негізгі қорытынды жасауға болады. Біріншіден, «Тараз» атауының көне тарихы қаланың Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-экономикалық орталық ретінде қалыптасқанын дәлелдейді. VI-VIII ғасырларда қолданылған бұл атау археологиялық және жазба деректерде тұрақты кездеседі. К. Ақышев пен А. Подушкин жүргізген қазбалар қаланың ежелгі құрылысын, бекініс жүйесін, тұрмыстық заттар мен қорған-оба мәдениетін көрсетті. Осы деректер Тараз атауының тарихи тамырының терендігін айқындайды және қаланың ерте ортағасырлық кезеңде маңызды орталық болғанын растайды. Екіншіден, атаулардың этимологиялық және лингвистикалық аспектілері зерттелді. «Тараз», «Талас» және «Таразджан» сияқты атаулар әр түрлі тілдер мен мәдениеттердің ықпалында қалыптасқанын көрсетеді. Этимологиялық талдау олардың тек географиялық белгі емес, сол кезеңдегі этникалық байланыстар мен мәдени өзара әрекеттерді бейнелейтінін дәлелдеді. Сонымен қатар, «Әулие-Ата» атауының діни-мистикалық мәні Қоқан хандығы дәуіріндегі рухани өмірді көрсетсе, Кеңес дәуіріндегі «Мирзоян» және «Жамбыл» атаулары саяси идеологияның ықпалын танытады. Үшіншіден, архивтік және әдеби деректерді талдау тарихи атаулардың ресми бекітілуі мен қолданылуын нақты көрсетті. XIX-XX ғасырлардағы әкімшілік құжаттар, ономастикалық комиссияның шешімдері және жарияланған ғылыми еңбектер (Е. Бекмаханов, Т. Тимофеев, О. Құдайбергенов) атаулардың тарихи заңдылығын және олардың саяси, мәдени және әлеуметтік себептерін ашуға мүмкіндік берді. Төртіншіден, археологиялық материалдар Тараз қаласының ежелгі қалыптасуын және әрбір тарихи кезеңдегі атаудың қолданылуын нақты дәлелдеді. Қалашықтан табылған қыш ыдыстар, моншақтар, сәулет қалдықтары және бекініс элементтері қала атауының тарихи тамырының шынайылығын көрсетеді. Бұл материалдар ономастикалық деректерді тек тарихи мәтіндермен шектелмей, нақты физикалық айғақтармен растайды. Бесіншіден, қала атауларының тарихи эволюциясы Қазақстанның тәуелсіздік кезеңінде тарихи әділеттілікті қалпына келтіру тұрғысынан маңызды. 1997 жылы қаланың тарихи атауы «Тараз» деп қайта қалпына келтірілуі ұлттық тарихи сананы жаңғыртуға және тарихи ескерткіштерді сақтау стратегиясына сәйкес келеді. Бұл қадам тек атауларды өзгерту емес, сонымен қатар халықтың мәдени және тарихи сана-сезімін қалпына келтіру әрекеті болып саналады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Тараз қаласының ономастикалық атаулары - бұл тек географиялық белгі ғана емес, әр дәуірдің саяси, мәдени және әлеуметтік сипатын көрсететін тарихи дерек. Қаланың әрбір атауы өз кезеңінің ерекшеліктерін бейнелейтін мәдени-тарихи маркер болып табылады. Алғашқы атау - «Тараз» - қаланың көне түркі дәуіріндегі маңызды экономикалық және мәдени орталық екенін дәлелдейтін тарихи белгі болып табылады. Археологиялық қазбалар, қыш ыдыстар, бекініс қалдықтары мен тұрғын үйлер қаланың ерте ортағасырлық кезеңдегі урбанистік дамуын растайды. Бұл атау тек жазба деректерде ғана емес, сонымен қатар физикалық материалдық ескерткіштерде де кездеседі. «Әулие-Ата» атауының пайда болуы қала атауларының діни және мәдени ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл атау Қоқан хандығының әкімшілік ықпалы мен аймақтағы діни сенімдерді ескерген тарихи кезеңді сипаттайды. Кеңес дәуіріндегі «Мирзоян» және «Жамбыл» атауларының берілуі саяси идеологияның қалалық ономастикаға әсерін айқын көрсетті. Бұл кезеңде қала атаулары арқылы билік өз саяси бағдарламасын насихаттау мүмкіндігін пайдаланды. 1997 жылы қаланың тарихи атауы «Тараз» болып қайта қалпына келтірілуі - тәуелсіз Қазақстандағы тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің символы болды. Бұл шешім тарихи деректерге, археологиялық қазбаларға және халықтың мәдени дәстүрлеріне сүйене отырып қабылданды. Тараз атауының қайта қалпына келуі қаланың ежелгі тарихи дәстүрін, ұлттық сана мен мәдени мұраны сақтаудағы маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу барысында қолданылған әдістер - тарихи-салыстырмалы талдау, этимологиялық зерттеу, архивтік және археологиялық материалдарды қарастыру, сондай-ақ ғылыми әдебиеттерді пайдалану - қала атауларының эволюциясын кешенді және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді. Әр әдіс өз рөлін атқарып, ономастикалық атаулардың тарихи негізін ғылыми тұрғыда

ашуға септігін тигізді. Қорытындылай келе, Тараз қаласының атауларының зерттелуі қала тарихының терендігін, әлеуметтік-мәдени дамуын, саяси өзгерістерін және этникалық өзара байланыстарын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу тек Тараз қаласының тарихын қарастырумен шектелмей, Қазақстан аумағындағы ономастикалық және мәдени процесстерді түсінудің маңызды үлгісін ұсынады. Тараз атаулары - тарихи естеліктің, мәдени мұраның және ұлттық сана-сезімнің маңызды құралы ретінде өз мәнін сақтайды. Осы зерттеу нәтижелері болашақта қала атауларының этнолингвистикалық, мәдени-саяси және тарихи маңызын одан әрі зерттеуге ғылыми негіз болып табылады. Сонымен қатар, Тараз қаласының тарихи атауларын кешенді зерттеу Қазақстандағы топонимиялық саясатты талдауда, мәдени мұраны сақтауда және қаланың туристік әлеуетін арттыруда практикалық маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құламанова З. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы - Алматы: «Арыс» баспасы, 2014, 808 б.
2. Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. Алматы, 2000 г.
3. Ақышев К.А. Көне Тараз. Археологиялық зерттеулер. - Алматы, 1998. - 50-120 б.
4. Құдайбергенов О. Тараз қаласының тарихи дамуы. - Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану журналы, 2010, №3, 15-35 б.
5. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1974. - 284 с.

МАҢҒЫСТАУ Өңірінің Бозашы түбегінің аномастикалық атауларының шығу тегі

Ерғали Т.Т.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

tilektes.ergali@icloud.com

Астана, Қазақстан

Аннотация

Данная статья посвящена комплексному исследованию аномастических названий Бозашинского полуострова в Мангистауской области с точки зрения их историко-этимологической природы. Бозашинский полуостров - крупный географический объект Каспийского побережья, чьи названия тесно связаны с природно-рельефными особенностями, древней кочевой культурой и тюркскими языковыми слоями. В статье рассматриваются происхождение названия полуострова, его лексическая структура, трансформация в исторические периоды и роль в этнокультурном пространстве казахов. В исследовании применялись сравнительно-исторический, этнолингвистический и структурный методы, проведено сопоставление с работами Е. Койшибаева, С. Аманжолова, А. Кайдара и В. Бартольда 1; 2; 3; 4. Также были использованы устные источники, этнографические материалы и археологические данные. В результате было установлено, что топонимы Бозашинского полуострова не только описывают природные объекты, но и выполняют функцию этнокультурного кода, сохраняющего историческую память и духовное наследие казахского народа. Исследование способствует систематизации региональной топонимии, определению этимологии исторических названий и созданию историко-географической карты казахской культуры

Ключевые слова: Бозашинский полуостров, топонимия, этимология, Мангистауская область, исторический источник, оним, ландшафт, тюркский язык, этнолингвистика, регионоведение

Annotation

This article is devoted to the comprehensive study of the anomastic names of the Bozashy Peninsula in the Mangystau region, focusing on their historical and etymological nature. The Bozashy Peninsula is a large geographical feature of the Caspian coastal area, whose names are closely connected with natural-relief features, ancient nomadic culture, and Turkic linguistic layers. The article analyzes the origin of the peninsula's name, its lexical structure, historical transformations, and its role in the Kazakh ethnocultural space. Comparative-historical, ethnolinguistic, and structural methods were applied in the study, and the results were compared with the works of E. Koishybaev, S. Amanzholov, A. Kaidar, and V. Bartold 1; 2; 3; 4. Oral histories,